

## 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 612 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 290 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 29.09.2023 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9 -бабының 7) тармақшасына сәйкес Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдаструшылық – құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындарына квота белгіленсін:

1) Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2) Бас бостандығынан айыру орындарынан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

3) Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

4) Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ.Үсенбаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі Ж.Тасов

Кентау қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 612 қаулысына 1-қосымша

**Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

№	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмысшылардың тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Кентау қаласы әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Кентау сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	397	0,75%	1

Кентау қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 612 қаулысына 2-қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына**

№	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмысшылардың тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Кентау қаласы әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Ащысай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	175	0,57%	1
	Кентау қаласы әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық			

2	шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің " Кентау сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	397	0,75%	1
---	--	-----	-------	---

Кентау қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 612 қаулысына 3-қосымша

**Ата-анасынан кәмiлеттiк жасқа толғанға дейiн айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бiлiм беру ұйымдарының түлектерi болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшiн жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмысшылардың тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының " Кентау көпсалалы колледжі" комуналдық қазыналық кәсіпорын	138	0,72%	1

Кентау қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 612 қаулысына 4-қосымша

**Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмысшылардың тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің " Ю.Гагарин	157		1

атындағы № 16 мектеп-лицей" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын		0,63%	
---	--	-------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК